«8D04201 – Халықаралық құқық» білім беру бағдарламасы бойынша
(PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін дайындалған
ФУ ТИННІҢ
«Халықаралық саудадағы экологиялық шектеулер: құқықтық аспектілер»
тақырыбындағы диссертациясына
АҢДАТПА

Диссертациялық зерттеудің өзектілігі халықаралық сауданы ырықтандыру мен қоршаған ортаны қорғау қажеттілігі арасындағы іргелі қайшылықпен айқындалады. Дүниежүзілік сауда ұйымының деректеріне сәйкес, қазіргі уақытта 12 000-нан астам экологиялық мәні бар сауда шаралары тіркелген, ал халықаралық экологиялық құқық 200-ден астам көпжақты келісімдерді қамтиды. Жарты ғасырдан астам ғылыми пікірталастарға қарамастан, халықаралық құқықта «халықаралық саудадағы экологиялық шектеулер» ұғымының жалпыға танылған құқықтық анықтамасы қалыптаспаған. Аталған терминологиялық айқындылықтың болмауы анықтамалық белгісіздік туындатып, біржақты экологиялық шаралардың заңдылығын бағалау кезінде құқықтық тұрақсыздыққа алып келеді.

Мәселе институционалдық фрагментациямен күрделене түседі: мемлекеттердің қоршаған ортаны қорғауға деген көзқарастары мен ұлттық заңнамалардың мазмұны едәуір айырмашылықтарға ие. Әлемдік сауданың шамамен 98%-ын қамтитын Дүниежүзілік сауда ұйымы сауда және экологиялық мүдделерді үйлестірудің негізгі алаңына айналып отыр. Экологиялық шектеулердің материалдық-құқықтық негізін 1994 жылғы ТСБК-тың (ГАТТ) XX бабы құрайды, алайда оны түсіндірудегі айқындықтың болмауы тепе-теңдікті іздеу ауыртпалығын құқық қолдану деңгейіне жүктейді. Мемлекеттер дауларды шешу органына жүгінуге мәжбүр, бұл көптеген құқықтық қақтығыстарға алып келуде (DS600, DS592, DS291-293, DS332 істері). Дамушы елдер дамыған мемлекеттерді, әсіресе Еуропалық Одақты, экологиялық стандарттарын «жасыл» протекционизм құралы ретінде пайдалануын жүйелі түрде айыптайды.

Қазіргі экологиялық шектеулердің құқықтық табиғаты едәуір өзгерістерге ұшырауда: дамыған елдер реттеуші талаптарды тек тауарларға ғана емес, сонымен қатар оларды өндіру процестері мен әдістеріне де жиі таратады (экстерриториялық тәсіл, мысалы DS600 ісінде). Бұл құбылыстың эмпирикалық ауқымы 12 000-нан астам экологиялық маңызы бар сауда шараларының тіркелуімен, сондай-ақ, тек Калифорния штатында 191 экологиялық реттеуші шараның болуымен расталады. Аталған факторлар «әртараптанған реттеу» феноменін туындатып, шетелдік экспорттаушылар үшін транзакциялық шығындар мен құқықтық тәуекелдерді бірнеше есе арттырады.

Жаңа нормативтік бастамалар ДСҰ-ның мамандандырылған органдарына (Сауда және қоршаған орта жөніндегі комитет, Санитарлық және фитосанитарлық шаралар жөніндегі комитет, Саудадағы техникалық кедергілер жөніндегі комитет) қарауға ұсынылады. Қабылданатын шешімдер «жұмсақ құқық» санатына жатады, алайда бұл үдерістің кешенді құқықтық талдауы әлі күнге дейін жеткіліксіз. Сонымен қатар, зерттеудің өзектілігін арттыратын

маңызды факторлардың бірі – реттеудің өңірлік модельдеріне салыстырмалы-құқықтық талдау жүргізу қажеттілігі (ең жоғары деңгейде үйлестірілген модель ретінде Еуропалық Одақ, сондай-ақ Шанхай ынтымақтастық ұйымы және Еуразиялық экономикалық одақ).

Зерттеудің ғылыми маңыздылығы да ерекше назар аудартады, себебі құқықтық доктринада анықталған олқылық – ДСҰ-ның әмбебап деңгейін және өңірлік интеграциялық бірлестіктерді (ЕО, ШЫҰ, ЕАЭО) қамтитын кешенді салыстырмалы-құқықтық зерттеулердің болмауы. Аталған мәселе зерттеліп отырған салада тиімді әрі қайшылықсыз құқықтық реттеу модельдерін қалыптастыруды объективті түрде тежейді.

Зерттеудің мақсаты – халықаралық саудадағы экологиялық шектеулерді кешенді теориялық-құқықтық талдау, оның нәтижесі ретінде осы саладағы құқықтық реттеуді жетілдіруге бағытталған ғылыми негізделген ұсынымдар әзірлеу болып табылады.

Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін зерттеу аясында ғылыми талдаудың негізгі бағыттары бойынша логикалық тұрғыда жүйеленген келесі **міндеттерді шешу көзделеді:**

– халықаралық саудадағы экологиялық шектеулердің теориялық-құқықтық анықтамасын әзірлеу;

– халықаралық саудадағы экологиялық күн тәртібінің қалыптасу тарихын және институционалдану заңдылықтарын қарастыру;

– көпжақты экологиялық келісімдердің құқықтық шектеулердің қайнар көздері ретіндегі маңызын айқындау;

– ДСҰ құқығындағы экологиялық ерекшеліктерді нормалар коллизиясы және прецеденттік түсіндіру шектерінің тұрғысынан талдау;

– ДСҰ-ның Сауда және қоршаған орта жөніндегі комитетінің «жұмсақ құқық» институты ретіндегі құқықтық табиғатын айқындау және оның үйлестіруші ықпалының шектерін белгілеу;

– ДСҰ-ның Саудадағы техникалық кедергілер жөніндегі келісімі аясында экологиялық мақсаттар мен кемсітпеу қағидаты арасындағы коллизияны анықтау;

– ДСҰ-ның Санитарлық және фитосанитарлық шараларды қолдану жөніндегі келісімінде көзделген экологиялық шаралардың ғылыми негізділігінің шектерін зерттеу;

– экологиялық стандарттардың экстерриториялық қолданылуымен және ұлттықтан жоғары құқықтық мәжбүрлеумен сипатталатын Еуропалық Одақ моделінің мазмұнын ашу;

– «жұмсақ құқық» және консенсус қағидаттарына негізделген Шанхай ынтымақтастық ұйымы моделін сипаттау;

– Еуразиялық экономикалық одақ моделіне институционалдық талдау жүргізіп, реттеудің фрагментациясын және функционалдық ерекшеліктерін айқындау.

Зерттеудің объектісі – халықаралық сауда саласында экологиялық шектеулерді құқықтық реттеу және қолдану процесінде қалыптасатын қоғамдық қатынастар.

Зерттеудің пәні – халықаралық саудадағы экологиялық шектеулерді реттейтін халықаралық-құқықтық және ұлттық-құқықтық нормалар, оларды қолдану тәжірибесі, сондай-ақ сауда және экологиялық мүдделердің теңгерімін қамтамасыз ету аясында аталған шектеулердің табиғатын, мазмұнын және жол берілетін шектерін айқындайтын теориялық-құқықтық тұжырымдамалар.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізін экологиялық шектеулерді құқықтық реттеу саласындағы халықаралық құқық доктринасының іргелі қағидалары құрайды. Әдіснамалық негізді жалпығылыми (диалектикалық, жүйелік-құрылымдық) және арнайы заңи әдістердің (формальды-құқықтық, салыстырмалы-құқықтық, тарихи-құқықтық, түсіндіру және доктриналық талдау әдістері, сондай-ақ болжау және модельдеу әдістері) кешені құрайды. Аталған әдістерді жүйелі түрде қолдану зерттеудің кешенді сипатын, алынған қорытындылардың сенімділігін және ұсынылған теориялық тұжырымдар мен практикалық ұсынымдардың негізділігін қамтамасыз етті.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы келесі нәтижелермен сипатталады.

Отандық заң ғылымында алғаш рет халықаралық саудадағы экологиялық шектеулердің авторлық анықтамасы ұсынылды (императивтік сипаттағы тарифтік емес шаралар, олардың басым негіздемесі қоршаған ортаны қорғау болып табылады, ал легитимділігі сауда және экологиялық құқық нормаларының өзара әрекеттесуі, ұлттық стандарттардың дивергенциясы және нақты құқықтық құралдар арқылы іске асырылуы негізінде қалыптасады). Халықаралық құқықтың көпдеңгейлі жүйелік фрагментациясының салдары ретінде дефинициялық вакуумды түсіндіретін тұжырымдама әзірленді, бұл әмбебап анықтаманы іздеуден операциялық жіктеу тәсіліне көшуге мүмкіндік берді.

Экологиялық даулар бойынша прецеденттік тәжірибені қалыптастырудағы ДСҰ және оның Дауларды шешу органының рөлі айқындалды. DS291-293, DS332, DS600, DS592 істерін талдау негізінде 1994 жылғы ГАТТ-тың XX бабын түсіндіру эволюциясы, оның ішінде екі сатылы тест және «экологиялық адалдық» доктринасы ашып көрсетілді. Апелляциялық орган дағдарысы жағдайында ДСҰ-ның дауларды шешу органының құқық шығармашылық функциясы нормативтік вакуумды толтырудың мәжбүрлі механизміне айналатыны және бұл құқықтық айқынсыздық тәуекелдерін туындататыны алғаш рет дәлелденді.

ДСҰ-ның мамандандырылған комитеттері (СҚОК, СТКК, СФШК) экологиялық шектеулерді алдын-ала реттеу және «жұмсақ» үйлестіру тетіктері ретінде алғаш рет кешенді зерттелді. Олардың ашықтықты қамтамасыз етудегі, сауда дауларын шешудегі және экологиялық реттеудің шектеріне қатысты «ортақ түсінік» қалыптастырудағы институционалдық рөлі айқындалды. Бұл тетіктердің тиімділігі дамыған және дамушы елдердің ғылыми-әкімшілік әлеуеттеріндегі құрылымдық теңсіздік пен реттеушілік философиялардың қайшылығымен шектелетіні дәлелденді.

Еуропалық Одақ, Шанхай ынтымақтастық ұйымы және Еуразиялық экономикалық одақтағы экологиялық шектеулерді реттеу модельдеріне салыстырмалы-құқықтық талдау жүргізілді. Негізгі айырмашылықтар анықталды: ЕО-да «нормативтік гегемония» арқылы стандарттарды мәжбүрлі

түрде сыртқа тарату; ШЫҰ-да «жасыл» күн тәртібінің фрагментарлығы; ЕАЭО-да ұлттықтан жоғары құрамдас бөлігі шектеулі екі деңгейлі техникалық реттеу моделі. Интеграция деңгейі мен реттеудің тиімділігі ұлттықтан жоғары бақылау және мәжбүрлеу тетіктерінің институционалдану деңгейімен тікелей байланысты екені анықталды.

Жүйелік фрагментацияның авторлық тұжырымдамасы әзірленді, ол көлденең (сауда және экологиялық құқықтың бәсекелестігі), тік (ұлттық стандарттардың дивергенциясы) және құралдық (құқықтық нысандардың көптүрлілігі) деңгейлер бойынша қарастырылды. Осы негізде реттеуді жетілдіру жөнінде ұсыныстар негізделді: стандарттарды өзара тану тетіктерін дамыту, ДСҰ шеңберінде диалогты жандандыру, дамушы елдердің мүдделерін ескеру, сондай-ақ ЕО тәжірибесін және посткеңестік кеңістіктің ерекшеліктерін ескере отырып ЕАЭО шеңберінде тәсілдерді үйлестіру.

Қорғауға ұсынылатын негізгі ережелер:

Халықаралық саудадағы экологиялық шектеулердің авторлық дефинициясы және жүйелік фрагментация тұжырымдамасы экологиялық шектеулерді құқықтық тұрғыдан бірыңғай жіктеуге, оларды жасырын протекционизмнен ажыратуға және әмбебап әрі өңірлік деңгейлерде құқық қолдану тәжірибесін үйлестіруге мүмкіндік береді.

Еуропалық Одақ тәжірибесі негізінде Еуразиялық экономикалық одақтағы құқықтық реттеуді жетілдіру жөніндегі ұсыныстар: экологиялық бағыттағы техникалық регламенттердің қолданылуына қатысты Еуразиялық экономикалық комиссияның бақылау функцияларын күшейту; құқық қолдану тәжірибесі бойынша мүше мемлекеттердің міндетті жыл сайынғы есептілігін енгізу; EU Pilot үлгісі бойынша алдын-ала реттеу диалогты институционализациялау; ЕАЭО туралы шарттың 29-бабын және техникалық регламенттерді қолдану кезінде туындайтын келіспеушіліктерді сотқа дейін қарау үшін тұрақты жұмыс тобын құру.

ЕАЭО мемлекеттерін ЕО-ның көміртекті түзету механизміне бейімдеу шаралары: ЕАЭО туралы шартты техникалық регламенттердің біржақты шаралардан басымдығын бекітетін нормамен толықтыру; ұлттық квоталау жүйелерін өзара тану туралы хаттама әзірлеу; Одақтың экологиялық талаптарына сәйкестікті ерікті сертификаттау тетігін енгізу; парниктік газдар шығарындыларын есепке алу және верификациялау әдіснамаларын біріздендіру.

Еуразиялық экономикалық комиссия жанынан экологиялық стандарттар және тәуекелдерді ғылыми бағалау жөніндегі Консультативтік комитет құрудың орындылығын негіздеу: экологиялық тәуекелдер мен өнімнің көміртек сыйымдылығын бағалаудың ғылыми негізделген әдістемелерін әзірлеу, техникалық регламенттер жобаларына сараптама жүргізу және экологиялық шектеулерге байланысты даулар бойынша қорытындылар дайындау мақсатында.

Қазақстан үшін ЕАЭО шеңберінде көміртек бірліктерін өзара тануды бастамалау жөніндегі ұсынымдар (Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 299-бабы негізінде): шығарындылардың одақ тегізіндегі тізілімін құру (Қазақстанның шығарындылар сауда жүйесі негізінде пилоттық жоба);

ұлттық рұқсат беру рәсімдерін ЕАЭО техникалық регламенттерімен үйлестіру; парниктік газдар шығарындыларын верификациялаудың бірыңғай қағидаларын әзірлеу (ҚР Экологиялық кодексінің 9-тарауы негізінде).

Зерттеудің теориялық маңыздылығы халықаралық экономикалық және экологиялық құқық теориясын дамытуда көрініс табады. Бұл, экологиялық шектеулерді құқықтық реттеудің жүйелік фрагментациясы жөніндегі авторлық тұжырымдаманы әзірлеу, халықаралық саудадағы экологиялық шектеулердің дефинициясын қалыптастыру және ДСҰ-ның дауларды шешу органының прецеденттік тәжірибесінің эволюциялық заңдылықтарын, оның ішінде «экологиялық адалдық доктринасын» анықтау арқылы жүзеге асырылады.

Зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы алынған қорытындылар мен ұсынымдарды Еуразиялық экономикалық одақтың құқықтық базасын жетілдіруде (соның ішінде экологиялық стандарттар жөніндегі Консультативтік комитетті құру), үшінші мемлекеттермен келіссөздер жүргізу және дауларды шешу үдерістерінде (мысалы, ЕО көміртектік түзету механизмі мәселелері бойынша), мемлекеттік органдардың экологиялық шараларды әзірлеу және негіздеу қызметінде, сондай-ақ халықаралық құқық және оған іргелес пәндер бойынша оқу үдерісінде қолдану мүмкіндігімен айқындалады.

Диссертациялық зерттеудің мемлекеттік бағдарламалармен байланысы. Диссертациялық зерттеу әл-Фараби атындағы ҚазҰУ халықаралық қатынастар факультеті халықаралық құқық кафедрасының ғылыми тақырыптық бағыты аясында орындалған және Қазақстан Республикасындағы құқық ғылымын дамытудың басым бағыттарына сәйкес келеді. Зерттеу нәтижелері Қазақстан Республикасының стратегиялық құжаттарындағы ережелермен, соның ішінде «Қазақстан–2050» стратегиясымен, Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшу тұжырымдамасымен, сондай-ақ шығарындылар саудасы жүйесі мен көміртек бірліктерінің айналымының құқықтық негіздерін бекітетін Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексімен (289, 299, 128-баптар) үйлеседі. Сонымен қатар, диссертациялық зерттеу ШЫҰ шеңберінде айқындалған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес келеді, атап айтқанда: 2024ө2026 жылдарға арналған ШЫҰ «Жасыл белдеу» бағдарламасын іске асыру жөніндегі бірлескен іс-қимыл жоспарына және 2025–2027 жылдарға арналған ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына.

Зерттеу нәтижелерін апробациялау. Диссертациялық зерттеудің жалпы көлемі 4 б.т. болатын негізгі нәтижелері 5 жарияланымда көрініс тапқан: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда 3 мақала және Scopus деректер базасында индекстелетін халықаралық журналдарда 2 мақала.

Диссертацияның құрылымы мен көлемі. Диссертациялық жұмыстың жалпы көлемі 160 беттен тұрады, ол кіріспеден, тоғыз параграфты біріктіретін үш бөлімнен, қорытындыдан және 240 атаудан тұратын пайдаланылған әдебиеттер тізімінен құралады; сонымен қатар жұмыста талдамалық материалдарды жүйелендіретін 8 кесте ұсынылған.